



Шығыс Қазақстан облысы білім
басқармасы Тарбағатай ауданы
бойынша білім бөлімінің
«Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК


2021-2022 оқу жылына арналған

«Балапан» (2-3 жас) I кіші тобының

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің
Жылдық жұмыс жоспары**

Тәрбиешілер: Тұржанова С.Қ.
Сейтказина З.Ж.

«Катынас» білім беру саласы
ҰОҚ: Сөйлеуді дамыту



"Қатынас" білім беру саласы

"Қатынас" білім беру саласының базалық мазмұны сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

Мақсаты тілдік қарым-қатынас дағдыларын, сөздік қорын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылығын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- дыбыстардың дүркіндерін, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;
- пассивті және белсенді сөздік қорын байыту;
- балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту.

I жартыжылдық

Сөйлеуді дамыту.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Келесі біліктерді:

1) айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратада білуді;

2) дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және ұндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды;

3) дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың қарқынын, екпінін, күшін есепке алғып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру.

Сөздік қор.

Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуда, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (күйімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.

Байланыстырып сөйлеу.

Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте құрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпактар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.

Күтілетін нағијелер:

– тілдегі дыбыстар мен сөздерді айта алады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады;

– адамның дene мүшелерін (қол, аяқ, бас), тұрмыстық және ойын әрекетін (қыдыру, тамақтану), әртүрлі өлшемді (улкен, кіши) білдіретін сөздерді түсінеді; зат есімдерді, есімдіктерді етістікпен байланыстыра алады;

– берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап береді;

– жақсы таныс ертегілердің үзінділерін есте сақтайады.

Көркем әдебиет.

Балаларды:

- 1) ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға;
- 2) тақпақтардың интонациясын қабылдауды;
- 3) кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға;
- 4) ертегілердегі, әңгімелердегі, өлеңдердегі қарама-қарсы бейнелерді түсінуді;
- 5) таныс тақпақтарды қайталауды;
- 6) ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысады үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

*тыңдалым және айтылым дағдыларын игерген;
қысқа тақпақтарды, өлеңдерді жаратқа біледі;
шыгармалардың мазмұнына эмоционалды көңіл-күй таныта біледі;
жасы таныс шыгармаларды көрнекі құралдарсыз тыңдайды;
кейіпкерлердің бейнелерін ойындарда қарапайым түрде бейнелей алады.*

II жартыржылдық

Сөйлеуді дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Біліктер мен дағдыларды:

Күтілетін нәтижелер:

қысқа сөйлемдерден негұрлым курделі сөйлемдерге ауыса біледі;

өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары жайлы сұрақтарға жауап береді;

қалауларын, сезімдерін, ойларын білдіретін сөздерді қолдана алады;

дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады;

ақпаратпен бөліседі, жайсыздыққа (шаршадым, ыстықтадым) және күрдастарының әрекетіне (ойыншығын бермейді) шағымданады.

Көркем әдебиет

Дағдыларды:

- 1) ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқигаларға жанашырлық білдіруді;
- 2) кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдауды;
- 3) ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсетеу, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды;
- 4) шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді;
- 5) мереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттауды;
- 6) таныс шығармалардың қарапайым мазмұндарын ойнап көрсетуді;
- 7) таныс өлеңдерді асықпай, анық айтуды қалыптастыру.

Күтілетін нағызжелер:

белсенді сөздікте барлық сөз таптарын қолданады;
шагын әңгімелерді көрнекіліксіз тыңдайды;
3–5 сөзден тұратын тіркестерді, сөйлемдерді айтады, ақпараттармен бөліседі;
қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұраптарға жауап береді;
ертегінің мазмұнын түсінеді және эмоционалды қабылдайды;
құрдастарымен қарым-қатынасқа түседі.

Қыркүйек айы
«Қатынас» білім беру саласы, сөйлеуді дамыту
Өтетін тақырып: «Менің балабақшам»

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II-III апта Менің балабақшам	Сөздік қор	«Біздің топ» (Әңгімелесу)	Б/м: балаларды топ бөлмесімен таныстыру, ондағы жиһаз атауларын атауга, олардың қызметін сипаттап беруге үрету Д/м: ұрақтарға жауап беріп, диалогтік сөйлеуге дағдыландыру Т/м: топтағы жиһаздарды ұқыпты ұстауга тәрбиелеу.	2	09.09 13.09 №1
IY-Vапта Менің сүйікті ойыншығым	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	«Менің сүйікті ойыншығым» (Әңгімелесу)	Б/м: балалардың сүйікті ойыншықтары арқылы оларды бауырмалдыққа, мейрімділікке, қамқор болуға дағдыландыру. Д/м: сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу, сөздік қорларын дамыту. Т/м: ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу .	2	20.09 27.09 №2

Қазан айы
Өтетін тақырып: «Менің отбасым»

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II-III апта Менің отбасым, ата-аналар енбегі	Байланыстырып сөйлеу	«Менің отбасым» (Әңгімелесу)	Б/м: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Д/м: сөйлем күрап айтуга, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Т/м: отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу.	2	07.10 11.10 № 3
IY-V апта Алтын күз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	«Күзгі бақ» (Сурет бойынша)	Б/м: балалардың күз мезгілінің ерекшелігін бақылату арқылы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін көнектізу. Д/м: қоршаған ортадағы табигат өзгерістері, күзгі адамдар енбегі туралы білімдерін жетілдіру. Т/м: табигатты аялауға, әсемдікті көре білу, сезінуге тәрбиелеу.	2	21.10 25.10 №4

Қараша айы
Өтетін тақырып: «Дені саудың –жаны сау»

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-II апта Әзім туралы	Байланыс-тырып сөйлеу	«Адамның дene мүшелері» (Әңгімелесу)	Б/м: адам дene мүшелерін, олардың атқаратын кызметтерін үрету. Д/м: логикалық ойлау қабілеттері, сөздік қорын арттыру. Т/м: тазалыққа, ұқыптылыққа үрету.	2	02.11 08.11 №5
III-IV апта Әзінде және өзгелерге көмектес	Байланыс тырып сөйлеу	«Мен тәртіпті баламын»	Б/м: тақпакты мұқият тындау, олардың мазмұнын түсіндіру. Д/м: өлең жолдарын жатқа айта білуге үрету. Т/м: әдептілікке, сырайылыққа тәрбиелеу.	2	18.11 22.11 №6

Желтоқсан айы
Өтетін тақырып: «Мениң Қазақстан»

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-II апта «Тұған елке»	Тілдің грамматикалық құрылымы	«Мениң туған ауылым» (Әңгімелесу)	Б/м: туған өлке оның табиғаты, айналасындағы заттар туралы түсініктерін кеңейту, зат есімдерді көмекші сөздермен : устінде, астында, жанында бірге қолдануға, қоршаған ортасы туралы сұрақтар қоюға үрету Д/м: ана тіліндегі дыбыстар мен сөздерді анық айту қабілеттерін дамыту. Т/м: патриоттық тәрбие беру.	2	02.12 06.12 №8
VI-V апта Үйдегі және балабақша дағы қауіпсіздік	Сөздік қор	«Қауіпсіздік ережелері» (Әңгімелесу)	Б/м: балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру. Д/м: үйде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту. Т/м: қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тындауға баулу.	2	20.12 30.12 №9

Қаңтар айы
Өтетін тақырып: «Табиғат әлемі»

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-II апта Айналамыз -дағы есімдіктер	Сөздік қор	«Бөлме өсімдігі» Фікус гүлі (Әңгімелесу)	Б/м: балалардың гүлдерге деген қамқорлық сезімдерін ояту. Бөлме гүлдерінің бірі- фікус гүлімен таныстыру. Д/м: гүлдердің қалай өсіп- өнетіні жөніндегі білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Т/м: гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттырып, оларды қамқорлыққа ала білуге және күтіп баптауға үйрету.	2	03.01 13.01 № 10
III-IV апта Құстар – біздің досымыз	Сөздік қор	«Үй құстары» (Әңгімелесу)	Б/м: құстар туралы түсініктерін кеңейту, үй құстарын топтастыру, олардың өздеріне тән ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Д/м: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Т/м: Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	2	17.01 24.01 №10

Ақпан айы
Өтетін тақырып: «Бізді қоршаган әлем»

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II апта. Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)	Тілдің грамматикалық құрылымы	«Табиғат құбылыстары» (Әңгімелесу)	Б/м: табиғат құбылыстары күн, қар, жел, боран туралы түсінік беру. Д/м: балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. Т/м: табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу	2	07.02 10.02 №11
IV апта Электроника әлемі	Сөздік қор	«Көліктер»	Б/м: Балаларды көлік (машина, ұшақ, қайық, пойыз) түрлерімен таныстыру. Пайдасы мен зияны туралы түсіндіру. Д/м: балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу арқылы тілдерін дамыту. Т/м: ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.	2	21.02 24.02 №12

Наурыз айы
Өтетін тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі

II апта Қазақтың салттары мен дәстүрлері	Сейлеудің дыбыстық мәдениеті	«Бесік» (Әңгімелесу)	Б/м: балалардың бесік туралы білімдерін кеңейту. Бесіктің күрлышымен таныстыру. Д/м: бесік жырын тындару, сөздердегі дауыссыз дыбыстарды анық айтуда, тындалған бесік жырын қайталап айтуда үйрету. Т/м: тыйым сөздерді есте сақтауда тәрбиелеу.	2	07.03 10.03 №13
IV-V апта Өнер көзі халыкта	Сөздік қор	Ұлттық бұйымдар «Тостаган» (Әңгімелесу)	Б/м: қазақтың ұлттық бұйымы тостаганмен таныстыру. Д/м: заттардың қасиеттерінің және олармен әрекеттердің атаудың айтқызы арқылы тілдерін дамыту. Т/м: ұлттық бұйымдарға деген қызығушылықтарын арттыру.	2	24.03 28.03 №14

Сәуір айы
Отетін тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»


Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II-III апта Аялайық гүлдерді	Сөздік қор	«Бақбақ гүлі» (Әңгімелесу)	Б/м: көктем гүлдерімен таныстыру, бақбақ гүлі туралы түсінік беру. әсемдікті, әдемілікті көре білуғе, табиғатты қорғап-аялауда үйрету. Д/м: балалардың қызығушылықтарын, ойлауда қабілеттерін дамыту. Т/м: ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	2	07.04 11.04 № 15
III-IV апта Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі	Сейлеудің дыбыстық мәдениеті	«Тасбақа» (Таныстыру)	Б/м: тасбақамен таныстыру, оның сыртқы ерекшеліктері мен дене беліктерін атауда. сөздік қорды антонимдермен толықтыруға, сөздерді септелеудің қарай байланыстыруға үйрету. Д/м: ойлауда қабілеттерін, тілдерін дамыту. Т/м: жабайы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	2	21.04 25.04 №16

Мамыр айы
Отетін тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-III апта Достық – біздің тірекіміз (халықтар достығы)	Байланыс тақырып сейлеу	«Ортақ мекен жер шары» (Әңгімелесу)	Б/м: балаларды басқа балабақшадағы, ауладағы балалармен дос болуға баулу. Д/м: балалармен тілдік қарым-қатынас мәдениетін сақтауда үйрету. Т/м: татулыққа, достыққа тәрбиелеу	2	05.05 16.05 №17

«Қатынас» білім беру саласы

ҰОҚ: Көркем әдебиет



ІІ-ІҮ апта Көнілді жаз	Сөздік қор	«Алақай, жаз келді!» (Сурет бойынша әңгімелуе)	Б/м: жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін менгерту. Сурет бойынша әңгіме құрауга және сөздерді байланыстырып айтуға дагдыландыру. Д/м: жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат жайлыш түсінік беру. Т/м: табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру	1	19.05 30.05 №18
---------------------------	------------	---	---	---	-----------------------

Қыркүйек айы
«Қатынас» білім беру саласы Қоркем әдебиет
Отетін тақырып: «Менің балабақшам»

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
ІІ апта Менің достарым	Жаттау	«Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли (Жаттау)	Б/м. құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сактауға үйрету. Д/м: өлең арқылы ойында және қарым -қатынаста сыйайылық көрсете алуға көмектесу. Т/м: өзара сыйластыққа тәрбиелуе.	2	06.09 08.09 №1
ІІІ-ІҮ апта «Менің ойыншықтарым»	Жаттау	«Менің ойыншықтарым» (өлең) Қ. МырзаӘли (Жаттау)	Б/м: ойыншықтар туралы түсініктерін көңейту, тақырыпқа сәйкес тақпактың интонациясын сақтап айтуға үйрету Д/м: дыбыстарды дұрыс, анық айта білуге үйрету Т/м: ойыншықтарына сүйіспеншілікпен қарауды тәрбиелуе	2	20.09 27.09 №2

Қазан айы
Отетін тақырып: «Менің отбасым»

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
ІІ апта Біздін көшесі	Әңгімелуе	«Менің көшем» (суретпен жұмыс)	Б/м: балалардың мекен-жайы туралы, өздері тұратын көшесі туралы әңгімелесу. Д/м: балалардың ойлау, есте сақтау және қолдың ұсақ моторикасының қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуін дамыту. Т/м: өз көшелерін таза ұстауды тәрбиелуе.	2	04.10 06.10 №3
ІҮ апта Алтын күз	Жаттау	«Алтын күз» F. Қайырбеков (жаттау)	Б/м: балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Д/м: өлеңді жаттату арқылы ойсанасын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Т/м: табиғатты қорғауды тәрбиелуе.	2	18.10 20.10 №4

Қараша айы

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II апта Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	Әңгімелей	«Дені саудың-жаны сау» (Әңгімелей)	Б/м: дұрыс тамақтанудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. Д/м: өз-өзіне қызмет көрсете алу және салауатты өмір салтын ұстанып, күн тәртібінің сакталуы туралы білім беру. Т/м: енбексүйгіштікке тәрбиелей.	2	01.11 03.11 №5
III апта Өзіңе және өзгелерге көмектес	Адамдар еңбегі	« Ж.Смақов «Куыршак» /Тіл ашар хрестоматия 270-бет/» (оқып беру)	Б/м:Өлеңнің мазмұнымен таныстыру. Д/м:Диалогты сөйлеуге жаттықтыру.Сөздік қорын байыту. Т/м:Тазалыққа,енбеккорлыққа тәрбиелей.	2	15.11 17.11 №6
V апта Өзіңе және өзгелерге көмектес	Еңбек бәрін женбек	Н.Жанаев «Еңбек сүйгіш құмырсақ» /Тіл ашар хрестоматия 250-бет/	Б/м: өлеңнің мазмұнымен таныстыру.Құмырсқаның енбеккорлығы туралы түсінік беру. Д/м: ой-өрісін, танымын көнегейту. Т/м: енбеккорлыққа тәрбиелей.	1	24.11 №8

Желтоқсан айы

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II-III апта Тәуелсіз Қазақстан (КР Тұнғыш Президенттің емлекеттік рәміздер)	Айтып беру	«Біз – Тәуелсіз Қазақстан балалары мыз» (тақпақ жаттай)	Б/м: Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентті, мемлекеттік рәміздер туралы түсінік беру. Д/м: тақпақ жаттату арқылы тақпақтардың интонациясын қабылдау, сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту. Т/м: туған жерін, елін, Отанын сүюгө, қазақ елінің ұлттық нышандарын қастерлеуге тәрбиелей.	2	08.12 13.12 №7
IV-V апта Тұған өлкем	Әңгімелей	«Тұған өлкем-тамаша» (сурет бойынша жұмыс)	Б/м: туған өлкем туралы мәлімет беру. Сурет арқылы әңгіме құрауға үйрету. Д/м: балалардың ақыл-ойын, есте сактау қабілетін дамыту. Т/м: туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелей.	2	22.12 27.12 №8

Қантар айы

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-II апта Жануарлар әлемі	Әңгімелеу	«Жануарлар әлемі» (қоян, тұлқі, аю) (суретпен жұмыс)	Б/м: жануарлармен және олардың атауларымен таныстыру. Д/м: балаларға сұрақ қою арқылы бір - екі сөзбен жауап беруге үйрету. Т/м: балаларға сұрақ қою арқылы бір - екі сөзбен жауап беруге үйрету	2	05.01 10.01 №9
III-V апта Ғажайып қыс	Әңгімелеу	«Қыс» (сурет бойынша әңгіме)	Б/м: қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ая - райының ерекшеліктері туралы түсіндіру. Д/м: ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Т/м: абиғатты қорғауға тәрбиелеу.	2	19.01 31.01 №10

Ақпан айы

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-III апта Көліктер	Әңгімелеу	«Көліктер» (сурет бойынша әңгімелеу)	Б/м: көлік түрлерін ажыратада білуге үйрету.(су, әуе, темір жол, жол) Д/м: суреттегі заттарды өзара байланыстыруға үйрету. Сөздік қорларын кенейту. Т/м: әдептілік тәрбиелеу.	2	02.02 14.02 №11
III-V апта Мамандықтың бәрі жақсы	Әңгімелеу	«Мамандықтың бәрі жақсы» (Әңгімелеу)	Б/м: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Д/м: әр мамандықтың өзінің қызығы мен қындығы болатынын түсіндіру. Т/м: ұлкендерді еңбегін бағалауда тәрбиелеу	2	16.02 28.02 №12

Наурыз айы

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-III апта Нұр төккен, гүл көктем	Әңгімелеу	«Наурыз-жыл басы» (сурет бойынша әңгімелеу)	Б/м: жыл басы- Наурыз туралы түсінік беру. Сурет бойынша Наурыз мерекесін өткізу ерекшеліктері жайлы түсініктерін кенейту. Д/м: сөздік қорларын дамыту. Т/м: ұлттық мерекеге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.	2	02.03 14.03 №13

Сәуір айы

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі

II- апта Ас атасы - нан	Оқып беру	«Қайдан келдің бауырсақ?» Өтебай Тұрманжанов (Оқып беру)	Б/м: нанның қасиеті туралы түсінік беру. Д/м: қиялын, есте сақтау қабілеттерін жетілдіріп, мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеу, ой қиялын дамыту. Т/м: нанды қадірлеуге, қастерлеуге, енбекке деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	1	04.04 06.04 №14
IV-апта Еңбек бәрін женбек	Әңгіме- леу	«Әке мен бала» Ыбырай Алтынсарин (әңгімеллеу)	Б/м: балаларға әңгіменің мазмұнын түсіндіру. Д/м: әңгіме туралы өзіндік білім калыптастыру, сұрақтарға мазмұнды жауап беруге дағдыларын дамыту. Т/м: үлкендерді тындауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	18.04 20.04 №15

Мамыр айы

Апталық такырыпп тар	Бөлімдері	Такырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I апта «Әрқашан күн сөнбесін»	Әңгіме- леу	Женіс мерекесі (әңгімеллеу)	Б/м: балаларға женіс күні туралы мағлұмат беру. Д/м: сурет бойынша әңгімелеп айтуға, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Т/м: аға ұрпактың өсietіне адал болуга және балаларды Отаншылдық сезімге тәрбиелеу.	1	02.05 04.05 №16
III-IV апта Мен жасай аламын	Әңгіме леу	«Не үйрәндік?» (Қорытынды)	Б/м: жыл бойы алған білімдерін сұрақ – жауап арқылы пысықтау. оійылған сұрақтарға бір, екі сөзбен дұрыс жауап беруге үйрету. Д/м: тілдерін дамыту, сөздік қорын молайту. Т/м: өздерді дұрыс айтуға талпындыру.	1	18.05 23.05 №17

«Таным» білім беру саласы

ҰОҚ:Сенсорика

"Таным" білім беру саласы

"Таным" білім беру саласының базалық мазмұны сенсорика, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

Мақсаты балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту болып табылады.

Міндеттері:

- қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру;
- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;
- табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу;
- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың сұлулығын байқауға үйрету;
- қоршаған ортамен әрекет жасау үшін бірлесіп әрекет ету білігін дамыту.

I жартылдық

Сенсорика:

- 1) заттар мен құралдарды қолдану дагдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен ұлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;
- 2) қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлышық еттерін, "көз-қол" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.

Біліктерді:

- 1) көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;
- 2) түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.

Күтілетін нағызелер:

улгі мен сөздік нұсқауга сүйеніп, тапсырмаларды орындаі алады;
қимылдардың, қолдың ұсақ моторикасының үйлесімділік дагдыларын игерген;
түстердің атауларын дұрыс қолданады;
ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады;
турлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі қасиеттері бойынша топтастырады.
қарапайым көру-қозгалыс үйлесімділігін меңгерген: телефон дискісін саусақпен айналдыра алады, қарапайым пішіндерді көрсете алады.

Құрастыру

Балаларды:

- 1) құрылым материалдарынан және ірі конструкторор бөлшектерінен құрастыруға үйрету;
- 2) құрылым ұлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиһаздар құрылымының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

құрылым материалдарынан және ірі конструкторор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік) құрастыра алады;

заттың қандай бөліктерден орындалғанын анықтай алады, үйшіктің, машинаның, жиһаздың құрылымындағы жетіспейтін бөлшектерін табады;

құрылым материалдарының қасиеттері туралы түсініктерді игерген;

құрылым материалдарын пішіні, көлемі бойынша топастырады;

тұргызылған қаралайым құрылымтарды атайды.

Жаратылыстану

1) тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.
Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер
мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән
ерекшеліктермен таныстыру, дene бөліктегі (танауы, құйрығы, аяқтары)
ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы
(қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;

2) ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға үшып келетін құстарды,
маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың
сұлулығын қабылдау.

Күтілетін нағижендер:

*көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі
бойынша атайды және ажыратады;*

*жануарлардың дene бөліктегі ажыратады және атайды, олардың
мінез-құлқына, сыртқы түріне назар аударады;*

аулаға үшып келетін құстарды атайды және ажыратады;

табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды.

II жартыжылдық

Сенсорика

Балалардың:

- 1) түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін бейнелеуде, құрастыруда ескеру;
- 2) берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті байланыс орната білу;
- 3) заттардың санын ажырату (біреу — көп);
- 4) әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка - кішентай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б) және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады;

*заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді;
бірізділікпен азаятын үш немесе одан да көп бөліктерден түрлі түсті пирамидалар құрастырады;*

кеңістікте бағдарлаудың бастапқы дағыларын игерген;

заттардың санын ажыратады (біреу-көп);

әр түрлі көлемдегі заттарды (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка - кішентай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б.) және олардың атауларын ажыратады.

Құрастыру

Құрылым материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру.

Біліктерді қалыптастыру:

- 1) жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылышты тұргызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыштық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау;
- 2) құрылым масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұргызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылым бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру;
- 3) балалармен бірге қарапайым құрылышты құрастыру.
- 4) қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру (кио және жырту), қылған кесектерде және жыртылған қағаздарда "бейнені" көру;
- 5) құрдастарымен бірге ойнау.

Күтілетін нәтижелер:

құрылым материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады, қарапайым пазлдарды жинай алады;

пішиіні, тусі, көлемі, қолданысы бойынша заттарды топтастырады және таңдайды;

құрылым материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішиінін ажыраты алады;

көлік құралдарының, автомобиль бөліктерінің атауларын біледі,

алмастыруыш заттармен әрекеттер орындаиды;

тұргызылған қарапайым құрылыштарды атайды және ойыншықтарды пайдалана отырып, олармен ойнайды.

Жаратылыштану

Балаларда:

- 1) тірі және өлі табигат құбылыстарына қызыгуышылық таныту;
- 2) табиғи материалдардың қасиеттерімен (құм шашылады, құмнан күйршақтарға ыдыс мүсіндеуге болады) таныстыру;
- 3) суреттен жануарларды тауып, атау;
- 4) жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру, деңе боліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білу;
- 5) көкөністер мен жемістер туралы (қызанак, қияр, сәбіз, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;
- 6) қоршаган табигаттың сұлулығын байқау біліктерін қалыптастыру.

Мыналарды:

- 1) ауладағы ересектердің еңбегін (аула сыйырушының еңбегін);
- 2) аулаға ұшып келетін құстарды (торгайлар, көгершіндер, қаргалар);
- 3) үй құстарын (тауық, қораз, үйрек);
- 4) маусымға тән табигат құбылыстарын бақылау;
- 5) өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

суреттен жануарларды тауып, атайды, олардың сипаттық ерекшеліктерін атайды;

көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша дұрыс атайды және ажыратады;

үй құстарының өздеріне тән ерекшеліктерін атайды;

агаш, шөп, гул сөздерін дұрыс қолданады;

табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсініктерге ие;

өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасайды.

СЕНСОРИКА

Кіші топ 2-3 жас

№	Оқу қызметінің тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Сағат саны	мерзімі
1	Құлыншаққа арналған жол	Мақсаты: жолақшаны түстерді алмастыра отырып қоюға үйрету. Міндеттері: балаларға төрт түстің ішінен (қызыл, көк) затты таңдауга үйрету; заттарды түсі б/ша топтастыру іскерлігін бекіту; «көз-қол» сенсомоторлық кеңістік үйлесімділігін дамыту; ойыншықтармен ұқыпты ойнауга тәрбиелеу.	1	
2	Шуакты күн	Мақсаты: түрлі түсті дөңгелектерден композиция құрастыруға үйрету. Міндеттері: шенберден шықпауға, олардан қарапайым композиция жасауға, таныс пішіндерді бейнелеуге үйрету; ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту; ұсақ қол моторикасын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	
3	Көкөністер	Мақсаты: дөңгелекті сопақшадан ажыратада білуді үйрету. Міндеттері: сәйкес пазылдарға пішінді орналастыра отырып, дөңгелекті (қызанак) сопақшадан (қияр) ажыратада іріктеуге үйрету; жазықта үлкен көлемді геом-лық пішіндерді салыстыра білуге: қияр-сопақша, қызанак-дөңгелек; б/ша салыстыруды, көзбен мөлшерлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	
4.	Үйдің терезесі	Мақсаты: заттардың пішіні мен көлеміне қарай топтастыруды үйрету. Міндеттері: балаларды 2 әртүрлі пішін (дөңгелек, шаршы) мен 2 әртүрлі көлемдегі (үлкен, кішкентай) заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып пішіні мен көлеміне қарай топтастыруды үйрету: «көз-қол» сенсомоторлық кеңістік үйлесімділігін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	
5	Әтешті құрастырамыз	Мақсаты: заттарды көлемі б/ша ажыратада білуге үйрету. Міндеттері: көлемі б/ша сақиналарды таңдай отырып, пирамиданы жинауға үйрету; үлкен және кішкентай сақинаны тапқызу; ұжымдаса әрекет ете отырып, пирамиданы жинауды орындауда. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	1	
6	Үлкен және кішкентай	Мақсаты: балалардың назарын әртүрлі көлемдегі заттарға аударуға үйрету. Міндеттері: үлкен және кішкентай сөздерінің мағынасын түсінулерін қалыптастыру; балаларды үлкен және кішкентай заттарды көрсете білуге, сөздерді дұрыс айта білуге тілдерін жаттықтыру, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.	1	

7	Үйшік	<p>Мақсаты: заттардың үлесі бойынша салыстыру тәсілдерін (қатарластырып қою және беттестіру) үйрету.</p> <p>Міндеттері: заттардың өлшемін сөзбен (ауызша) білдіру; пішіні б/ша геом-лық пішіндерді топтастыру икемділігін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. ҰОҚ-не қызығушылығы мен ынтасын арттыру.</p>	1	
8	Күйршақ Әйгерімге арналған моншақтар	<p>Мақсаты: Геом-лық пішіндерді көлемі мен тұсі б/ша кезектестіріп қоя алуға б/ша тандай алуға үйрету.</p> <p>Міндеттері: қызыл, көк түстер туралы түсінікті бекіту; «тұсі б/ша әртүрлі», «өлшемі б/ша әртүрлі», деген түсініктердің дұрыс қолдану; ұсақ бөлшектерді бауға тағуды орындаі отырып, қолдың ұсақ моторикасын дамытуды жалғастыру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.</p>	1	
9	Шырша бізге қонаққа келді	<p>Мақсаты: заттарды түстерді б/ша тандай алуға үйрету.</p> <p>Міндеттері: балаларда әртүрлі түстегі ойыншықтарды шыршаға дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту; балалардың көнілді Шенбермен жүзу дағдысын жетілдіру; оқу қызметінде шығармашылық, психологиялық жағымды атмосфераны тудыру.</p>	1	
10	Шыршалар мен санырауқұлақтар	<p>Мақсаты: заттарды тұсі б/ша тандай алуға үйрету.</p> <p>Міндеттері: балалардың назарын түстің әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін екенине аудару: түстері б/ша нысандарды алмастыруды үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	1	
11	Тауық және оның балапандары	<p>Мақсаты: түстің әртүрлі заттардың белгісі бола алатындығына назарларын аударуға үйрету.</p> <p>Міндеттері: тұс заттардың сипатын білдіру үшін қолданылуы мүмкін екендігіне балалардың назарын аудару. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.</p>	1	
12	Сақинаны ал	<p>Мақсаты: түстері б/ша тандай алуға үйрету.</p> <p>Міндеттері: балаларда заттық-жабдықтық әрекетті қалыптастыру: таяқтың көмегімен түрлі түсті заттарды өзіне қарай жылжыту. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>		
13	Күйршаққа арналған тартуулар	<p>Мақсаты: өлшемі әртүрлі біртекті заттарды 2топқа бөлуге үйрету.</p> <p>Міндеттері: балалардың назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру; «осындай», «мұндай емес», «улken», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.</p>	1	

14	Қақпақтар	Мақсаты: түстері б/ша таңдай алуға үйрету. Мақсаты: Екі түрлі түсті біркелкі заттарды топтастыру және салыстыруға үйрету; Сары және жасыл түстерді топтастыруды, қимыл үйлесімділігін дамыту; Ұқыптылыққа тәрбиелеу	1
15.	Бақбақ гүлдер	Мақсаты: заттарды ұлғі б/ша орналастыра алуға үйрету. Міндеттері: фланеграфта түрлі түсті геом-лық пішіндерді—дөңгелек пен ұшбұрышты орналастыруды үйрету; белгілі бір түстегі пішінді әртүрлі заттарды бейнелеу (бақбақ гүлді) үшін қолданылуы мүмкін екеніне балалардың назарын аудару; Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табиғатты аялауга тәрбиелеу.	1
16	Түрлі түсті шалғын	Мақсаты: әртүрлі заттарды өлшемі б/ша салыстыруды үйрету. Міндеттері: ұлғідегідей орналастыруды үйрету, сөйлеу тілдерін дамыту; ойлау қабілетін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлышық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауга тәрбиелеу.	1
17	Ұшатын көбелектер	Мақсаты: Негізгі түстерді (қызыл, жасыл, сары, көк) атая, тани алу дағдыларын бекіту. Міндеттері: заттардың түстері жайлы білімдерін, заттарды түстері б/ша іріктеу ептілігін бекіту; негізгі түстеріне қарай педагогтың айтуы б/ша әрекет жасауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табиғатты аялауга тәрбиелеу.	1
18	Көжекті жасыр	Мақсаты: түстері б/ша нысандарды топтастыру дағдысын үйрету.. Міндеттері: төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету, қызыл, жасыл, сары, көк түстерді ажыратада білуге үйретуді жалғастыру; зейінділікті, қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл үйлесімділігін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
19	Дөңгелек күн	Мақсаты: Әртүрлі заттарды түсі және пішіні б/ша сәйкестендіре алу дағдыларын бекіту. Міндеттері: тапсырыс пен сөздік мағынасы б/ша, заттарды түсіне қарай іріктеуді үйрету; балалардың түс пен пішін жайлы білімдерін бекіту; қабылдауды, есте сактауды, көрнекі бейнелік ойлауды дамыту; балаларды әртүрлі сенсорлық сезінүлерімен байта отырып қоршаган ортада бағдарлау тәжірибесін кеңейтіп, талпынушылық пен білуге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1

«Таным» білім беру саласы

ҰОҚ: Құрастыру

Балабақша

Құрастыру

Қыркүйек айы 2021 жыл
Өтетін тақырып: «Балабақша»

<i>Апта</i> <i>Күні, айы,</i> <i>жылы</i>	<i>Апталық</i> <i>тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдіс-</i> <i>тәсілдер</i>
II №1 08.09.21ж	«Менің балабақшам»	«Үйлер»	БМ: Түрлі-түсті қылған қағаздарды пайдаланып бөліктерден үй құрастыра білуге үйрету. ДМ: Құрастыру дағдыларын қалыптастыру. ТМ: Өзара қарым-қатынас жасай білу мәдениетіне тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
IV №2 22.09.21ж	«Біздің көше»	«Тар және кен жолдар»	БМ: Балаларды құрылыш материалдарының түрлерімен таныстыру, олардан тар және кен жолдар жасауды үйрету. ДМ: Балаларды құрылыш материалдарымен жұмыс жасай білуге үйрету. ТМ: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Оқып беру Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету

Қазан айы 2021 жыл
Өтетін тақырып: «Менің отбасым»

<i>Апта</i> <i>Күні, айы,</i> <i>жылы</i>	<i>Апталық</i> <i>тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдіс-</i> <i>тәсілдер</i>
II № 3 06.10.21ж	«Үй жануарлары»	«Күшікке арналған үйшік» /Білім кидс/	БМ: Балаларға қатты қағаздан дайындалған бөліктерді пайдаланып күшікке үйшік құрастыруды үйрету. ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. ТМ: Үй жануарларына қамқорлыққа тәрбиелеу, өзінің енбек нәтижесіне қуана білу әдетін қалыптастыру.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету

IV №4 20.10.22ж	«Үй жиһаздары»	«Үстел»	БМ:Балаларға құрастырма бөлшектерден үстел құрастыруды үйрету. ДМ:Кеністікті бағдарлау қабілеттерін дамыту. ТМ:Құрастырма бөлшектермен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Оқып беру Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
-----------------------	----------------	---------	---	--

Қараша айы 2021 жыл
Өттегің тақырып: «Дені саудың жаны сау»

<i>Апта</i> <i>Күні, айы, жылды</i>	<i>Апталық тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдіс-тәсілдер</i>
I №5 10.11.21ж	«Күз сыйы»	«Көкөністер» /Кияр/	БМ:Көкөністер туралы түсініктерін кеңейту. Қатты қағаздан дайындалған бөліктерден қиярды құрастыру. ДМ:Құрастыру дағдыларын қалыптастыру. ТМ:Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Оқып беру Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
III №17 24.11.21ж	«Күз сыйы»	«Жемістер» /Алма/	БМ:Жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Қатты қағаздан дайындалған бөліктерден алманы құрастыру. ДМ:Құрастыру дағдыларын қалыптастыру. ТМ:Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Оқып беру Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету

**Желтоқсан айы 2021 жыл
Өтетін тақырып: «Менің Қазақстаным»**

<i>Anıta</i> <i>Күні, айы, жылы</i>	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Әдіс- тәсілдер
II №7 15.12.21ж	«Мереке күні»	«Жалаушалар»	БМ: Қағаз бетіне дайын жалаушаларды үйлесімді орналастыра білуге үйрету. ДМ: Саусақ икемділіктерін мен зейіндерін дамыту. ТМ: Ұқыпты, тиянақты жұмыс істеуге тәрбиелеу.	Әңгімелу Таныстыру Түсіндіру Сұрак- жауап Үйрету
IV №8 29.12.21ж	«Қош келдің, Жаңа жыл!»	«Шырша»	БМ: Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін көңейту. Жасыл түсті қатты қағаздан дайындалған бөліктерден шырша құрастыру. ДМ: Саусақ қол икемділіктерін дамыту. ТМ: Мерекелік көңіл күй туғызу. Әсемдікті сезіне ілуге тәрбиелеу.	Оқып беру Таныстыру Түсіндіру Сұрак- жауап Үйрету

**Қантар айы 2022 жыл
Өтетін тақырып: «Табиғат әлемі»**

<i>Anıta</i> <i>Күні, айы, жылы</i>	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Әдіс- тәсілдер
II №9 12.01.22ж	«Табиғат әлемі»	«Балапанға саты» /Білім кидс/	БМ: Балаларды құрастырма бөліктерден балапанға саты құрастыруға үйрету. Құрастырмақтарды бір-біріне жалғап қосып, бірінің үстіне бірін қойып, саты құрастыра білуге дағдыландыру. ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және байқағыштығын дамыту. ТМ: Балалардың құрастырмақтармен әрекет жасауға қызығушылықтарын ояту. Үй құстары тіршілігіне	Әңгімелу Таныстыру Түсіндіру Сұрак- жауап Үйрету

			әуестенушілігін арттыру; еңбек нәтижесіне қуану әдетіне тәрбиелу.	
IV №10 26.01.22ж	«Жабайы жануарлар»	«Қоян»	<p>БМ: Қатты қағаздан қыылып дайындалған бөліктерден қоян бейнесін құрастыруды үйрету.</p> <p>ДМ: Саусақ қол моторикасын дамыту.</p> <p>ТМ: Жабайы жануарларға деген сүіспеншілік сезімдерін ояту, қамқорлық танытуға тәрбиелеу.</p>	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрап-жауап Үйрету

Ақпан айы 2022жыл
Өтетін тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

<i>Anna</i> <i>Күні, айы,</i> <i>жылы</i>	<i>Апталық</i> <i>тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдіс-</i> <i>тәсілдер</i>
I №11 09.02.22ж	«Коршаған орта»	«Мұнара» /Білім кидс/	<p>БМ: Балаларды қылған катты қағаз бөліктерінен мұнара құрастыруға үйрету.</p> <p>ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын, қабылдауды мен байқағыштығын және танымын дамыту.</p> <p>ТМ: Балалардың құрастыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын ояту, еңбек нәтижесіне шаттану әдетін қалыптастыру.</p>	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрап-жауап Үйрету
III №12 23.02.22ж	«Коршаған орта»	«Қошақанға шарбак»	<p>БМ: Балаларды құрастырма бөліктерден қошақанға коршау жасауға үйрету.</p> <p>ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен байқағыштығын дамыту.</p> <p>ТМ: Балалардың құрастырмақтармен жұмыс жасауга деген қызығушылықтарын ояту. Үй жануарларына қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу</p>	Оқып беру Таныстыру Түсіндіру Сұрап-жауап Үйрету

Наурыз айы 2022жыл
Өтетін тақырып: «Салт дәстүрлер және фольклор»

<i>Anıta</i> <i>Күнi, айы, Жылы</i>	<i>Апталық тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдіс- тәсілдер</i>
I №13 09.03.22ж	«Салт- дәстүрлер»	«Ою-өрнектер» /Қошқар мүйіз/	БМ: Қатты қағаздан қиып дайындалған бөліктерден оюды құрастырып шығаруды үйрету. ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. ТМ: Қазақ халқының салт-дәстүріне деген қызығушылықтарын ояту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрап- жауап Үйрету
IV №14 30.03.22ж	«Салт- дәстүрлер»	«Әшекейлі орамал»	БМ: Қатты қағаздан қиып дайындалған әшекейлі бөліктерден біртұтас орамал пішінін құрастыруды үйрету. ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. ТМ: Қазақ халқының салт-дәстүріне деген қызығушылықтарын ояту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрап- жауап Үйрету

Сәуір айы 2022жыл
Өтетін тақырып: «Біз еңбеккор баламыз»


<i>Anıta</i> <i>Күнi, айы, Жылы</i>	<i>Апталық тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдіс- тәсілдер</i>
II №15 13.04.22ж	«Құстар біздің досымыз»	«Құс ұясы»	БМ: Қатты қағаздан қиып дайындалған бөліктерден құс ұясын құрастыруды үйрету. ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. ТМ: Құстарға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, қамқор болуға тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрап- жауап Үйрету

IV №16 27.04.22ж	«Қоршаган орта»	„Көлік“	<p>БМ: Қатты қағаздан қиып дайындалған бөліктерден бейнесін/негізгі Көлік 10, терес кұрастыруды үйрету.</p> <p>ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>ТМ: көліктер туралы білім бере отырып қызығушылықтарын ояту.</p>	Оқып беру Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
------------------------	-----------------	---------	--	--

Мамыр айы 2022жыл
Өтетін тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

<i>Апта</i> <i>Күні, айы, жылы</i>	<i>Апталық тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдістемелідер</i>
II №17 11.05.22ж	«Әрқашан күн сөнбесін»	«Күн»	<p>БМ: Балаларды қатты қағаздан қиып дайындалған дөңгелек пішіндерді, күн сәулесін бейнелейтін таяқшаларды пайдалана отырып күн бейнесін кұрастыруды үйрету.</p> <p>ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>ТМ: Аспан әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру.</p>	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
IV №18 25.05.22ж	«Аспан әлемі»	«Бұлт»	<p>БМ: Балаларды қатты қағаздан қиып дайындалған бөліктерден бұлт бейнесін кұрастыруды үйрету.</p> <p>ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>ТМ: Аспан әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру.</p>	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету

«Таным» білім беру саласы
ҰОҚ: Жаратылыстану



Жаратылыстану
Қыркүйек айы 2021 жыл
Өтетін тақырып: «Балабақша»

<i>Апта Күні, айы, жылы</i>	<i>Апталық тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдіс- тәсілдер</i>
№1 01.09.21ж	«Менің балабақшам»	«Балабақша өз үйім» Ф.Оңғарсынова «Тату доспыз бәріміз» /«Тілашар» Хрестоматия 116-бет/	БМ: Балалардың балабақша туралы түсініктерін кеңейту. ДМ: Ой-өрісін кеңейту. Сөздік қорын байыту. ТМ: Тату ойнауга, татулыққа тәрбиелу.	Әңгімелегу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
№2 08.09.21ж	«Менің оыйнышықтарым»	«Менің тобымдағы оыйнышықтар»	БМ: Ойыншықтар туралы түсінігін кеңейту. Ойыншықтың түрлері туралы айту. ДМ: Ой-өрісін кеңейту. Сөздік қорын байыту. ТМ: Ойыншықтармен ұқыпты ойнауга тәрбиелу.	Әңгімелегу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
№3 15.09.21ж	«Коршаған ортасы	«Менің достарым»	БМ: «Дос, достық» туралы балаларға қарапайым түсініктер беру. ДМ: Сөздік қорын байыту. Сурет бойынша байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. ТМ: Достарына деген құрметтеу сезімдерін ояту. Татулыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелу.	Әңгімелегу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
№4 22.09.21ж	«Жиһаздар»	«Үй жиһаздары» (Сурет бойынша әңгіме)	БМ: Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру. ДМ: Сурет бойынша байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Балалардың сөздік қорын байыту. ТМ: Ұқыптылыққа тәрбиелу.	Әңгімелегу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
№5 29.09.21ж	«Үлкендер еңбегі»	«Аула сыпырушының ның жұмысын бақылау»	БМ: Аула сырпурушының еңбегі туралы қарапайым түсінік беру. ДМ: Коршаған ортаны тануға деген құштарлығын дамыту. ТМ: Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелу.	

**Қазан айы 2021 жыл
Өтетін тақырып: «Менің отбасымдагы еңбек»**

<i>Апта Күні, айы, жылы</i>	<i>Апталық тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдіс- тәсілдер</i>
№6 06.10.21ж	«Алтын күз»	«Күзгі жапырақтар»	БМ: Табигаттагы түрлі құбылыстар /күзгі жапырақтардың түсі/ туралы қарапайым түсінік беру. ДМ: Сурет бойынша байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. ТМ: Табигатқа деген қызығушылық сезімдерін ояту.	
№7 13.10.21ж	«Көнілді бақша»	«Көконістер» (сурет бойынша әңгімелуе) С.Қалиев «Көнілді бақша» /Ә.С.Әмірова, К.А.Анартаева Тіл дамыту 33-бет/	БМ: Көконістер туралы түсінік беру. Күнделікті тамаққа жиі пайдаланатын қияр мен қызанақ туралы әңгімелуе. ДМ: Көконістерді сипаттау арқылы сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту. ТМ: Улкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	Әңгімелуе Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жаярап Үйрету
№8 20.10.21ж	«Алтын күз»	«Күзгі табигат»	БМ: Күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Күз mezgіlіnde болатын табигат құбылыстары туралы әңгімелуе. ДМ: Сурет бойынша байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. ТМ: Табигатқа деген сүйіспеншіліктерін аррттыру. Табигатқа қамқор болуға тәрбиелеу	Әңгімелуе Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жаярап Үйрету
№9 27.10.21ж	«Күз сыйы»	«Жеміс бағында» Р.Кунақова «Жемістер жыры» /Ә.С.Әмірова, К.А.Анартаева Тіл дамыту 126-бет/	БМ: Күзгі табигат ерекшеліктерімен таныстыру. Жемістерді ажыратада білуге үйрету. ДМ: Сөздік қорын байыту. ТМ: Табигат байлығын қорғап, жемістерді күтүге, сақтай білуге тәрбиелеу.	Әңгімелуе Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жаярап Үйрету

Қараша айы 2021жыл
Өтетін тақырып: «Дені саудың-жаны сау»

<i>Апта Күні, айы, жылы</i>	<i>Апталық тақырыптар</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Бағдарламалық мақсаты</i>	<i>Әдіс- тәсілдер</i>
№10 03.11.21ж	«Дені саудың-жаны сау»	«Жаттығу-жанның тынысы»	БМ: Дене жаттығуларының адам ағзасына тигізер пайдасы туралы түсінік беру. ДМ: Дене қымыл-қозгалыстарын дамыту. ТМ: Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауатты өмір салтын үстануға тәрбиелу.	Әңгімелу Таныстыру Түсіндіру Сұрап-жауап Үйрету
